

Кез келген елдің тәуелсіздігі мен демократиялық құндылықтарын айқындайтын басты құжат – Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары мен міндеттері және құқықтары көрсетіледі. Конституция саяси, экономикалық, әлеуметтік жетістіктердің жаңа белесіне құқықтық негіз берген Ата заңымыз болып табылады. Себебі, елімізде болып жатқан саяси, экономикалық, құқықтық шаралар осы Ата Заңымыз негізінде туындайды. Өйткені, барлық қоғамдық қатынастар тиісті заңдармен реттеледі.

АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

“Конституция – елдегі қоғамдық күштердің шын мәніндегі арақатынасы” – деп Фердинанд Лассаль осыдан бір жарым ғасыр бұрын айтқан екен. Осы бір канатты сөздің ақиқатына дербес өмірге бет алған әрбір мемлекеттің көзі жеткені анық. Ендеше, еркіндігіміздің негізі болып отырған Конституцияның Қазақ елі үшін орын бекілет. Ол – мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі. Ол – тәуелсіздігіміздің іргетасы. Ата Заңымызды қабылдай отырып, тәуелсіздігімізді нақтылай түстік.

Осыдан он тоғыз жыл бұрын қабылданып, тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата заң мемлекет пен қоғамда орын алып отырған барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуына, дамуың қайнар бастауына айналды. Осы аралықта мемлекет пен қоғамның дамуындағы өзгерістер-демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығу талпыныстарының бәрі де Ата заң қағидалары негізінде жүзеге асырылып келеді.

Іа, бүкіл мемлекеттік құрылымды айтақтайтын, елдіктің бастауы болып табылатын басты құжатқа енді ғана 19 жыл толып отыр. Десекте, тоқтала кетер бір жайт, еліміздің Ата заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірінен саналса, көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қазақстан Конституциясы көптің дүниедегі жалпы адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі болып саналады екен. Бұл Ата заңымыздың үлкен әлеуетін білдірсе керек.

Тарихқа шегінер болсақ, тәуелсіз Қазақстанның басты қадамы Конституцияны қабылдаумен байланысты. Бұл туралы: “Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге бүгінгі өмір шындығымен жаса алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен жарқын болашаққа деген сенімді жалғастаған Негізгі заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы

ашық және демократиялық қоғам орнатудың негізгі принциптерін баяндайтын етуге тиіс болатын”, – деп жазады Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев “Қазақстан жолы” кітабында. 1993 жылы қабылданған алғашқы Конституция егемендік тарихындағы ең демократияшыл құжат болып табылғанымен, оның мәні мен маңызына келсек, ол Президенттің көрсеткен мақсаты бойынша басты төрт мәселеге жауап беріп, соған жағдай жасауы тиіс болатын. Таратып айтсақ, бірінші, мемлекеттік билікті басқарудың барлық жүйесін нығайту, екінші, экономикалық реформаны жүргізе отырып, елді сол кездегі терен дағдарыстан шығару, үшінші, жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыру, төртінші, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін заңдық негіздерді Ата заңда көрсету.

Мемлекет басшысының аталған кітабында жазуынша, жоғарыда айтылған төрт мақсатты шешіп беретін баптар әуелгі Конституцияда толық қамтылмады. Президент осы тұңғыш Конституцияның жобасы бастан-ақ еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық үдерістен алшақ қалғанын жазған. Расында бас заңымыздың кейбір тұстары уақыт өте келе нарықтық қоғамдағы өзгерістерге сәйкес болмай шыққаны байқалды. Сондықтан екі жылдан соң 1995 жылы қазіргі Конституциямыз қабылданды. Қазақстанның мемлекеттігін айқындаған Ата заңымыз осылайша екі қайтара түлді.

Жаңа Конституция қабылданар қарсаңда қызу жұмыстар жүргізілді. Президент бастамасымен құрылған сарапшылар тобы әлемнің көптеген елдерінің XX ғасырдың екінші жартысында қабылданған Конституцияларын мұқият сараптаудан өткізді. Елбасының өзі тікелей ын-талылық жасап, Еуропа мен Азияның, Солтүстік және Латын Америкаларының жиырмадан астам

дамыған және дамушы елдерінің конституцияларын зерттеп, саралап шықты. Сосын Әділет министрлігіне жаңа конституцияның жобасын өз қолымен тапсырған болатын. Сол жоба Ата заңымыздың негізін қалады. Сондықтан Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты 1995 жылы қабылданған қазіргі Конституциямыздың авторы деп сеніммен айта аламыз.

Тоғыз бөлімнен тұратын Конституцияның “Адам және адамзат” деп аталатын бөлімі елдің ең асыл қазынасы – адам және оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға арналған. Атап айтқанда, адамның құқығы мен бостандығы өмірге келген сәттен бастап оған тиесілі екендігі және оған ешкімнің қол сұғуына жол берілмейтіндігі айқын нақтыланған. Біз адам болып өмірге келеміз, азамат болып қалыптасамыз. Мемлекетіміздің мәртебесіне, оның қорғауында болатындығымызға сенгенде және құқықтарымызды біліп қана қоймай, оны қорғай білгенде азамат екенімізді сезінеміз. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан азаматтарының Конституциямен кепілдендірілген құқықтары мен бостандығының аясы кең, ауқымы зор. Яғни, біздің негізгі заңымыз мыңжылдық тарихы мен дәстүрі бар өркениетті мемлекеттердің заңдарымен тұспадас.

Сонымен 19 жыл толған Конституциямыз тәуелсіз еліміздің дамуына даңғыл жол ашып, қолға алған бағдарының тұтастай бөлігін қамтып отыр десек болады. Алайда, Негізгі заңымыздың заман ағымына қарай өзгеріске ұшырауын ешкім жоққа шығара алмасы анық. Сондықтан тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата заңымызды құрметтеп қорғау, оның мәнізділығын жоғалтпай сақтау Қазақстанның әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс дегім келеді.

Нұрлан СЕРІКБАЕВ,
Қызылорда көлік прокуроры.



ФЕРРОҚОРЫТПА ЗАУЫТЫ НЕ ӨНДІРЕДІ?

Кварциттерді Қарағанды облысындағы Тектұрмас кен орнынан жеткізу жоспарлануда. “Крамде-Кварцит” ЖШС, кремний құрамы – 97 пайыз. Бір тоннасының бағасы шамамен 13,5 доллар, бір тоннаны Қызылорда қаласына жеткізу бағасы 25 доллар. Қоксты Қытайдың “Куйшань” компаниясынан жеткізу жоспарлануда. Қызылорда қаласына жеткізу құнымен қоса есептегенде бір тоннасының орташа бағасы 230 долларды құрайды. Қоксты сонымен қатар, Қарағанды облысынан да жеткізу мәселесі қарастырылуда. Темір жаңқасы Алматы мен Қарағанды облысындағы машина жасау кәсіпорындарынан алынатын болады. Екінші нұсқа бойынша брикет түрінде жеткізілетін “Бада сауысқандық” кен орнында ванадийлі тақта тастарды автоклавты әдіспен өндірілгеннен кейінгі флюсті қолданумен ферросилиций өндіру. Бұл шикізат зауыт жағдайында өндіріс тәжірибесі өткізілгеннен кейін енгізілетін болады. Зауытта әрқайсысы жылына 33 мың тонна ферросилиций шығаратын қуаттылығы 33 МВт-тық 6 пеш орнатылады. Жоспарланып отырған зауыт алдыңғы қатарлы жабдықтар мен жаңа технологиялар енгізілген әлемдегі заманауи зауыттардың бірі болады. Феррокорытпа өндірісіндегі қытайлық әріптестермен әзірленген оннан астам патенттерді қолдану нәтижесінде жобаның электр энергиясын пайдалану шығыстары мен табиғат қорғау шаралары бойынша көрсеткіштері халықаралық стандарттардан жоғары болмақ. Аталған жобадан ең жаңа энергия үнемдейтін жабдықтар қойылып, энергия үнемдейтін технологиялар қолданылады.

75 маркалы стандарттық ферросилиций өндірген кезде халықаралық стандарттар бойынша

электр энергиясын пайдалану 10000 кВт/сағатқа дейін жетеді. Ал Қызылорда зауытында заманауи энергия үнемдейтін технологиялар қолданылып, 1 тонна ферросилицийге 7500-8500 кВт/сағ жұмсалды. Осы орайда:

– Феррокорытпа зауытын бағасы 1 КВт/сағаты 6 теңгеден жоғары болмайтын 200 МВт көлеміндегі электр қуатпен қамту қажеттігін ескере отырып, ТЭЦ-ті жаңғырту жұмыстарын қамтамасыз ету қажет. Бұл да оңай шаруа емес, алайда оны тез арада шешуіміз қажет, – деді өңір басшысы.

Сонымен қатар, зауыт барлық экологиялық нормаларға сәйкес болады. Шаң ұстаудың тиімділігі 99 пайыздан жоғары. Айта кетерлік жайт, рудотермикалық пештен шығатын қоқыс шлакоцемент өндірісінің шикізаты болып табылады.

Зауыт іске қосылғанда шамамен 200 маман металлурттар мен технологтар керек болады. Бұл мәселе де алын ала ойластырылып, облыс әкімдігі ықпалымен Мәскеудің болат және қорытпалар институтына тау-кен, металлургия саласына мамандар даярлау үшін шамамен 70 адам оқуға жіберіліп отыр. Онан бөлек, К.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде және басқа да оқу орындарында мамандар даярлау жоспарлануда.

Сөз жоқ, аталған жоба жүзеге асуымен аймақ экономикасына оң әсерін тигізеді. Жаңа жұмыс орындары ашылып, бюджетке салық түсімі артады, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін қосымша мүмкіндіктер пайда болады.

Ыдырыз ТӘЖІҰЛЫ.

ЖАСТАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТАТЫН БАҒДАРЛАМА

Елбасымыздың Жолдауына байланысты жастарды қолдау, еңбекке тарту барысында “Дипломмен – ауылға” бағдарламасы енгізілгені белгілі. Осы құжат арқылы өз қатарларымыз қазақтың қарашаңбырағы – ауылға келіп, еңбек етуіне, ертерте деген сенімінің молайғандығына қуанамыз.

Жастарды ауылға тұрақтандыру бағдарламасына сәйкес 6 сала бойынша жастар ауылда жұмыс істеп жүр. Елді мекендерге тұрақты жұмысқа орналасқан мамандарға мемлекет тарапынан жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін алты жүз отыз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит түрінде әлеуеттік қолдау шаралары қарастырылғандығы қамқорлық асымын келтіргі білдірсе керек.

Бағдарламаға өзге елді мекендерден келген, қалалық жердегі жастар мен білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандықтары бойынша жоғары және орта білімді мамандар қатыса алады.

Мамандарға көп жеңілдіктер қарастырылған. Мәселен, тұрғын үй сатып алуға он бес жылға бюджеттік кредит беріледі әрі 0,01 пайыз мөлшерде кредит бойынша сыйақы ставка беріледі. Биылғы жылғы мәліметтерге сүйенсек, бағдарлама бойынша жұмысқа тұруға келген мамандарға 9983,0 мың теңге, қаржылық операциялық қызметке 13981,0 мың теңге бөлінген екен. Қаражатты игеру мерзімдері мекеменің қаржыландыру жоспары бойынша наурыз, сәуір айларына жоспарланғанына сәйкес 129640 теңгеден наурыз, сәуір айларында 77 маманға барлығы 9 млн. 982 мың 280 теңге көтерме жәрдемақы төленіпті.

Сонымен қатар, ауылдық елді мекендерге келген әлеуметтік саладағы мамандарға қолдау жүргізу барысында 56 жасқа 2778000 теңгеден беріледі. – Көбіне білім беру, денсаулық сақтау саласына мамандар көп келеді. Әр келген маман келісім-шартқа қол қояды. Келісім-шарт бойынша мамандар 5 жыл көлемінде жұмыс жасап, үш ай сайын анықтама беріп отыруы керек. Бірақ соған қарамастан, 1-2 ай болмай жұмыстарын тастап, басқа облыс, қалаларға қоныс ауырып кететіндер де бар, – дейді ауылшаруашылық бөлімінің бас маманы Оразқұл Әбдіқадырова.

Бағдарлама бойынша жеңілдікті

пайдалануға келген үміткерлермен де, мамандармен пікірлестік.

– «Мен «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша №47 Ломоносов атындағы мектепке орналастым, қазір география пәнінен сабақ беремін. Бұл бағдарламаның арқасында үй алдым, 952 мың теңге көлемінде жәрдемақы берілді. Негізінде, 2009 жылы келісім-шартқа 5 жылға тұрған болатынымын. Бірақ, келісім-шартқа толық мән бермеуінен 1-ақ жыл жұмыс істедім, соңында алған шығындымы қайта өтедім. Жалпы бұл бағдарлама көптеген арман-мақсаттарды орындауда, белгілі бір істі бастауға ынталандырады. Бұл мемлекеттің жастарға қолдау көрсетуі деп түсінемін, – дейді Әйгерім Омарова.

Бағдарлама бойынша келген жас маман Ләйла Ерғешева жұмысты енді бастамақ. Ол ең бастысы, өзіне жәрдемақы мен баспана берілетіндігіне қуанышты.

“Дипломмен – ауылға” жобасымен келген мамандардың сөзіне қарасақ, бағдарламаның тиімді жактарының көптігін байқауға болады. Оның жауапкершілігін түсіну, жастарға да үлкен жүк артады деп ойлаймын.

Бифат ЕЛТАЕВА,
Шіелі ауданы.

БЕЛОРУССИЯДАН МЫҢ ЖАРЫМ ТРАКТОР ӘКЕЛГЕН ЖІГІТ

Өткен жылы зейнетке шыққан, кезінде Қазалы аудандық “Казсельхозтехника” бірлестігінің басшысы болған Мұратбай Сәлімов арнайы келіп, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына ардагер ретінде есепке алуын өтінді.

Есіме мен қызмет істеген жылдары әкесі Сәлімнің халықтың атынан Қазалы ауданы, Бөзкөл кен-шарына мектеп, жол, ауыз су, тағы басқа жағдайларын айтып, осы мәселені шешіп беруін сұрағаны есіме түсті.

Сәлім Бектұрғанов 1912 жылы туған, кезінде ферма басқарушысы болған, менің әкемнің құрдаасы еді. Ала жіпті аттамаған, халық үшін туған, нағыз еңбектің адамы болатын. Бөзкөл ауылында сол кісінің атымен “Сәлім ферма” атты мекен бар.

Міне, маған келіп отырған, сол кісінің баласы – Мұратбай Сәлімов. – Мұратбай арызың орындалады, сен басқарған мекеме кезінде облыстық агроөндірістік комитеттің құрамына кірді. Сені халық Беларусь Республикасынан 1426 дана “Беларусь” тракторын алып келгенінді айтады, осы рас па? Қазір кейбір шаруа қожалықтарында бірде-бір трактор жоқ, бар болса да ескі. Осыны қалай алдың, егер рас болса, мынауың нағыз ерлік қой, – дедім.

Мұратбай ойланып отырды да, сырт киімін шешіп, бұл ұзақ әңгіме, кенес үкіметінің енді тараған кезі, елде дағдарыс, аудандағы шаруашылықтардың жағдайлары қиындап кеткен еді, деп бастады әңгімесін.

– Айта бер, асықпа! Сенен тәжірибе алайық. Беларусь Республи-касы 1990 жылғы Қазақстанмен келісім-есікке 1426 дана “Беларусь” тракторын беруге тиіс болатын. Алайда, Кенес Одағының тарауына байланысты бұрынғы келісім-шарт орындалмады. Ауданда 1990-1991

жылғы қыс айларында қиыншылық жағдайлар болды, мал азығының және техниканың жетіспеуі көп кедергілерге әкеліп соқтырды. Сол кездегі егеменді еліміздің бірінші Премьер-Министрі У.Караманов министрлерге Қазалы ауданына көмек беру туралы арнайы тапсырма берді. Сол жиналысқа облыстық атқару комитетінің төрағасы В.А.Брынькин Қазалы ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шәріпов қатысты. Қараманов ағамыз Беларусьяға біздің адам жіберуімізді, егер тракторларды

едім еліміздің Орталық партия Комитетінің бірінші хатшысы Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен келеді екен. Иса маған күтуге барасын ба? – деді, мен баратынымды айттым. Күтіп алған соң Н.Назарбаев түстен кейін үлкен конференц-залға бөлік қызметкерлерді және қонақ үйдегі қонақтарды жинап, қысқаша ел өміріндегі жағдайларға тоқталды. Мен іштей ел ағасымен кездесу қалай болар екен деп толқу үстінде болдым.

Кездесу біткеннен кейін, өзінің



Қазақстанға жөнелте алса, Қазалы ауданына мол мөлшерде бөлінетінін айтты. Сонымен, тапсырмаға байланысты тәуекелге бел буып, барлық қажаттарды алып, “Беларуссия қайтасын?” деп жолға шықтым. Жолсапарым Мәскеу арқылы жүру керек болып, “Чистые пруды” метросы аялдамасының жанына жақын, Қазақстанның Ресейдегі елшілігінің қонақжайына орналас-тым.

Елшілікте құдам Иса Әлиев қызмет жасайтын. Байқаймын бұ-рп асығыс шаруамен жүр, сұрап

жазған “Без правых и левых” кітабына қолданбасын қойып, кездесушілерге таратты. Маған да сол кітаптың біреуін ұсынғанда қуанышым қойныма сыймай кетті. Ертеніме Беларусьяға келдім. Ол кезде Беларусья Министрлер кабинетінің төрағасы В.Ф.Кебич, орынбасары М.Масинкович бола-тын. Жоспарлау комитетінен бастап, оншақты министрліктің келісін алу керек болды, осы келісімді аламын дегенше бір айдай уақытым кетті.

Ақыры келісімді алдым. Енді не

істеймін ақылдасайын деп облыс, аудан басшыларына хабарласып едім, ешкімді таба алмадым. Сосын Үкімет-Байланысы арқылы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Оразбаев Ұзақпен сөйлесуімнің сәті түсті.

– Ал, 1500-дей тракторды бөлу туралы Үкімет шешімін алдың, әрі қарай айта бер!

Ол кез кінш езд еді, Минс-

кінің орталық көшелерінде күнде топталған адамдар, демонстрация-

лар болып жатты.

Сонымен, қолыма Үкімет шешімін алып, Алматыға тіке ұшып, Қазақстан Үкіметінің басшысы У.Қарамановқа Қазақстанға 1426 трактор бөлінгенін баяндадым.

Премьер ағамыз алғысын айтып болғаннан кейін, осы жұмысты өзін бастадың, өзін әкелуін керек деді. Мен ол жақта 40 күндей уақыт болғанымды айтып едім, онымнан ешнәресе шықпады, онда әр облыстан өкілдер жіберуін өтіндім. Ол өтінішім қабылданды.

Ертеніме Қазақстан Республи-касы Ауыл шаруашылығы министрі Двуреченскийге барып, облыстарға тракторларды бөліп беруін, оның ішінде Қызылорда облысы Қазалы ауданына 100 тракторды бөлуді сұрап, Премьер-Министрдің қол қойған қағазын көрсетіп едім, ондай көп мөлшерде бөлінбейтінін айтты. Ол да көп әңгіме. Ақырында В.Двуреченский Қарамановтың тапсырмасымен амалсыздан 100 дана трактор бөлді. Жалпы, Қызылорда облысына 160 трактор бөлінді.

Қайтадан Минскіге барып, тракторларды вагондарға тиегім, – деді Мұратбай сөзін аяқтап.

Из, бұл сөзсіз сол кездегі атқарылған үлкен жұмыс еді. Со-ның арқасында аудан, облыс ша-руашылықтарының енесі көтеріліп қалды.

Нұрлыбай ҰЛЫҚБАҢҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті құрылысшысы, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ардагері кенесінің төрағасы.

ДОМБЫРАҒА КҮЙ БІТІРТГЕН ШЕБЕР

Жуырда Жаңақорған ауданындағы Қосүйеңкі ауылына жол түсті. Сайда ірі қарасы жайылған, шөбі шүйгін мекен екен. Бұлақ бойлай өскен жасыл ағаштар ауылдың ажарын кіргізгендей. Таза ауа, салқын леп, самал желі көкірегіңнің тынысын аша түскендей әсер қалдырады. Бұл ауылда көлөнер шебері тұрады деп естіген едік. Ата кәсіпті жалғаған жігітті танымайтын адам жоқ екен.

Қоғамда сан түрлі мамандық бар. Әркім өзінің икеміне қарап, таңдайды. Көпшіліктің пікіріне құлақ ассақ, басым бөлігі заңгер, қаржыгер, менеджер сынды мамандықтарды игеруде. Қарапайым қоғамда сұранысқа ие етіпші, құрылысшы, ұста, шебер секілді кәсіпті меңгеретіндер қатары сирек. Ал, осындай зәру мамандықтың астарында үлкен өнер мен еңбек жатқанын біле бермейміз.

Елден сұрастырып отырып, шебердің шаңырағына да жеттік. Сапарымыздың мақсатын түсінген Қожабек аға жұмысын жасай отырып, әңгімесін бастап кетті. Ата кәсіпті өсіріп еткен ағамыз әңгімесін балалық шағына бұрды...

Кешегі өтпелі кезең тұсында ағайынды үш жігіт өз кәсіптерін бастапты. Олардың кенжесі Қожабек жастайынан ұсталық өнерге құмар болған. Бірде ол өздігінен үлкен ағашты балтамен шауып ер жасап шығарды. Осы талабын байқаған әкесі оны Қаратаудың етегіндегі өзінің нағашысы Бекен атаға апарып, батасын алады. Осыдан кейін бозбала ауыл адамдарына тұрмысқа

кажетті бұйымдар, домбыра, ат әбзелдерін жасап бере бастайды.

Отан алдындағы борышын өтеп келген соң ән айтып, терме орындап, тойларда асаба болып басқа қырынан да көрінеді. Кейін ағалары Мырзабек пен Молдабектің қолдауымен домбыра жасауды қайта қолға алады.

Қарапайым шеберханасында қаншама домбыра және басқа да ұлттық аспаптарды жасап шығарады. Оған облыстың және аудандардың өнер мектептері, мәдениет үйлері, кейде басқа да өңірлерден арнайы тапсырыс беріп жатады екен. Тіпті, арнайы келген қонақтарға сый ретінде ұсынатын кездер де аз болмайтын көрінеді. Қожабек аға домбыра жасайтын ағашты ерекше тәсілмен күтімге алады. Оған жаңғақ, тұт, алма, алмұрт, қара ағашты таңдайды. Ағаштың сыртқы қабығын алмай оны екі-үш жыл сақтайды. Сонда ағаш жақсы кететін көрінеді. Домбыра бағасы 10-15 мың теңгеден бастап, 2000 АҚШ долларына дейін жетеді. Кейде қазіргі заманға сай ішіне ми-



крофон орнататындай етіп жасайды. Мұндай домбыраға белгілі күйші, әнші азаматтар тапсырыс береді.

Әңгіме барысында кейінгі кездері ұлттық аспапқа деген сұраныстың арта бастағанын қуанышпен жеткізді. Домбыра жасаудың алғашқы сатысынан бастап соңына дейін аса ыждағаттылық пен ұқыптылықты ұстана отырып еңбектенеді. Тапсырыс беретіндер арнайы келіп, ою-өрнектерімен, сыртқы қорашасына да әсемдікпен көркемдеп шығуын сұрайды.

“Қазықтың әр шаңырағының төрінде дом-

быра ілулі тұрған. Ата-бабамыз қасиетті домбыраны ерекше қастерлеген емес пе? Міне, сондықтан оны төрінен түсірмеген. Өзімде сол әдетті ұстанамын. Қазір ақпараттық технологияның дамыған кезеңі. Алайда, кеңестік дәуір кезінде пайдаланған ескі құралдарды қолданып келеміз. Жақында жеке кәсіпкер куәлігін алдым. Қол астымда жұмыс жасайтындарға жалақы да беріп отырамын. Енді мемлекеттен қайтарымсыз несие алып, Қытайдан шығатын заманауи станокқа қол жеткізсек дейміз. Сонда жұмысымыз аз да болса жеңілдеп қалар еді” – дейді ол.

Қожабек ұстаның отбасы да өнерлі. Үлкен баласы Ниязбек басқа мамандықты игеріп жатқанымен, көлөнерге икемі ерекше. Бос уақытында үнемі қолғабыс ететін көрінеді. Жары да домбыраны өрлеп, бояудың шебері болып алыпты. Шәкірттері де жоқ емес. Жастарды өнерге баулып, көрген-білгенін үйретуден жалықпайды.

Шағын ауылда бұл отбасынан басқа да домбыра жасаушы ұсталар бар екен. Кішкентай ғана ауылдан көлөнер иелері шығып, дәстүрлі өнерімізді дәріптейтін қасиетті қара домбыраға жан бітіріп жатқан жандардың бұл ісіне іштей қуанып қалдым. Қазықтың өнерін дамытып, кейінгі ұрпаққа ұлағаттап жатқан мұндай шеберлер қандай құрметке болса да лайықты деген ой түйдім.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ОЙТАСТАР

КӨП СӨЙЛЕМЕЙ, ДӨП СӨЙЛЕУДІ ҮЙРЕНЕЙІК

Той өміріміздің құрамдас бөлігіне айналып кетті ғой. Отбасындағы қуанышты жыын жасап көпелен бөліскеннің, ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-көлемнің шұрқыраса келіп дастархан басында тоқайласқанының әсте ерсілігі жоқ. «Ар ма деген әлге қуат», жақындарыңмен сағыныса көрісіп, қауышу да ғанибет. Бұл бір жағы адамға рухани дем-меу, жаңы жаңарады, менің де тілекшілерім біраз екен ғой дегендей сенімділік пайда болады. Сонымен бірге той ағайынның ауызбірлігін, елдің ынтымағын арттыра-ры сөзсіз. Ұзамай ұмытылып кететін тойдан соңғы аздаған реніштер де ағайынның өзара басынасы іспетті. Өрине, той жасаймын деп бей-берекет дарақылдыққа ұруынудың, жұртты орынсыз әуре-сарсаңға салудың қажеті шамалы, ол туралы әңгіме бөлек.



Біздің бүгінгі айтапқымыз, той мәдениеті, тойға келушілердің тілек айтуы жөнінде. Қу тілділердің қайдан шығарғанын қайдам; «Өзбектің тойы – би жарыс, қазақтың тойы – сөз жарыс, орыстың тойы – күй жарыс» дейтініндей біздің қандастардың тойда сөйлемесе аттан құлағандай, тақтан түскендей өкпелейтіні де өтірік емес. Содан да болар асаба той иесі жазып берген сала-құлаш тізімді ежіктей оқып, ортаға 30-40 адамды бірден шақырып жатады.

«Он адамнан – біреу, жиырма адамнан – екеу сөйлесендер жөн болар еді», деген ескертпесін айта отырып, оның өзі де сабынды еседі дейсіз, жаттанды сөздерді тоқталмастан сапырады келіп, үздіксіз сөйлегені соншалық үстелде қатар отыра қалған танысыңмен амандық-саулық сұрасуға да мұрша бермейтіні бар.

Жасыратыны жоқ, осы күндері жұрт тойдан демалып емес, шаршап қайтады, өйткені, сөз шектен шығардай көп. Тілек сөздің бәрі бір сарынды; аман болайық, сау болайық, бақытты болындардың айналасы, жаңа бір ой,

жақсы мысалды кемде-кем еститін болдық. Тағы бір ерсілігі; езбе сөзді қайталайтындардың қатарында жасы үлкен қарияларымыз, басшы қызметтер атқаратындар, халық қалаулылары т.б. жұрт сеніп жүргендеріміз де жиірек көрінеді. Тіпті кейбірі жұртты күлдірім деп бүлдіріп те жатады. Сөзіне қарап адамның ойын тануға болады ғой, әлігіндей жадағай сөз, оралымсыз ойдан кейін осы жұрттың көпшілігі өз білімін жетілдірмейтін болғаны ма, кітап оқуды ұмыт қалдырған ба, деп амалсыз ойлайсың.

Ілгеріде, сексенінші жылдары ауылымызға қонақ болып келген белгілі қаламгер ағамызға той ортасына таяу сөз тиді. Ол кезде жазушылардың абыройы министрден артық болмаса, кем емес еді, сондықтан сирек көретін қалірілі мейманның сөзіне жұртшылық құлақ түріп, сілтудей тынды. Не айтар екен деп ынтығып отырыған біреу. Жазушы ағамыз сонда былай деді, әлі есімде: «Айналайындар, өмірлеріңнің алды – даңғыл жол, арты соқпақ болсын! деп қысқа ғана қайырды. «Өй болмағанда жарты сағат сөйлейтін шығар» деп отырған көпшілік расында қонылтаяқсып қалды. Ауылымызды мақтап, ақсақалдарымызға кезек-кезек тоқталып, совхоз директорын аспандатып, басқа да еснеттерді үйіп-төкпелі, тілегін тек жастарға қарата ғана арнады. Сол кездері бөтенше ойлағанымызбен қаламгер ағамыз сонда өнеге көрсеткен екен-ау, деп осы күндері ойға қаламын. Қысқа да нұсқа орынды тілек айтты, қысыр сөзбен жұрттың уақытын да алмады. Қаптың аузын шешсе, арғы жағы телегей-теңіз ғой, ол кісінің. Қазіргі өткізіп жүрген тойларымыздың мәдениетін көтеру үшін, сол үрдіспен сөзді барынша азайтып, уәжінің мәні бар деген 5-6 кісіге ғана тілек-сөз беріп, оның есесіне ойын-сауық, ән-биге кезек берілсе, жамағат тойдан рухани нәр алар еді деп ойлаймын. Асабалар да өзгерсе, топырлатып жұртты ортаға шақыра бермей, тойды қызықты өткізудің жаңа жолдарын іздесе деймін. Дегенде, той болған соң қай-қайсымызға да сөз беріліп қалуы мүмкін, сондықтан әдепті де, мәнді сөйлеуге дағдыланғанымыз жөн болар. Өрине, ол үшін сөздік қорың мол болуы керек, күнделікті тұрмыстық қатынас тілімен елден еткізер ой шақыра алмайсың. Адамға ізденіс, парасат пен пайым керек. Оның дәні әдебиет ауылында деп ұғғыңыз.

Көп сөйлемей, дөп сөйлеуді үйренейік, өйткені, көш-керуен алға қарай жылжи береді, бізге артылған жауапкершілік жүгі тіптен де жеңіл емес, біз жаңа мемлекет қалыптастырып жатқан ұрпақтың, ертең балаларымыз біздің тұрмыс-тіршілігімізге, қарым-қатынасымызға сын көзбен қарайтын уақыт келеді. Осы ұғымның әрқашан есте болғаны дұрыс.

Нұрмахан ЕЛТАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

БАЛҒЫНДАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Қызылорда қаласындағы “Жібек жолы” сауда орталығында “Нұр Отан” партиясы облыстық филиалы балаларға арнап “Галактика сақшылары” атты кино туынды көрсетілімін ұйымдастырды.

Қазір балалардың жазғы уақытын тиімді өткізу үшін және мемлекеттік тілдің аясын кеңейту мақсатында шетелдік киноларды қазақ тіліне аударып, көрермендерге ұсынуға баса мән беріліп отыр.

Осы орайда “Нұр Отан” партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Жандос Базартай сөз алып, балаларға жазғы каникулды тартымды өткізу үшін барлық жағдай жасалып жатқандығын жеткізе келе, жиналғандарды фильм тамашалауға шақырды.

“Галактика сақшыларын” көруге келгендердің бірі Мәлдір Жақыпова – Фантастикалық жанрдағы фильм маған қатты ұнады. Әсерлі дүние екен. Бұл киноның көрсетілімін жарнама-

дан көрген едім. Міне, бүгін кино-театрдан көруге мүмкіндік алдым. Қазақшаға аударылған, түсінікті болды. Каникул кезінде осындай фильмдер жиі көрсетілсе екен. Осы шараны ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін” – деді.

Қызыққа толы фильм балаларға қуаныш сыйлап, уақыттарын тиімді өткізуге септігін тигізді. Алдағы уақытта мұндай шаралар жалғасын табатын болады.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ТАСТАЯҚ БӘСЕКЕСІ ТАРТЫСТЫ ӨТТІ



Қызылорда қаласында бильярдтан ардагерлер арасында өткен облыстық турнир мәреге жетті.

Жарысқа облыс орталығы мен аудандардан барлығы 20 ардагер қатысты. Аса тартысты өткен тастаяқ бәсекесінде қазалылық Кенжебай Ахмет жеңімпаз атанса, қызылордалық Мұхтар Бейісов екінші орынды қанатат тұтты. Ал Қармақшы ауданынан келген Есет Назарқұлов пен сырдариялық Төлеу Сүлеймен үшінші-төртінші орындарды өзара бөлісті.

Турнир жеңімпаздары облыстық ардагерлер кеңесі мен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының дипломдары және ақшалай сыйлықтармен марапатталса, турнирге қатысушылардың барлығына облыстық ардагерлер кеңесінің Алғыс хаты мен ынтылаңдыру сыйлықтары табысталды.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ЖҮРЕКТЕН БЕЙНЕҢ КЕТПЕЙДІ



ата-анасының алар орны ерекше. Алла тағала Құран Кәрімде ата-анаға үнемі жақсылық жасауды, олардың разылығын алуды пенделеріне бұйырады екен. Өйткені, ата-анаға құрмет көрсету үлкен парыз, шексіз сауап делінеді.

Тағдырдың жазуы болар, әкеміз Зият Бодықұлы 1992 жылы 64 жасында өмірден озды. Ал, анамыз Райзада Әбдіраманқызы 2013 жылдың 9-қарқуейінде дүние салды. Екеуінен тараған алты бала бүгінде есейіп, ержетіп кетсек те, олардың мейірімін, қамқорлығын, біздерге деген жанашырлығын сағынамыз. Олар барда көңіліміз шат, жанымыз нұрға бөленіп жүруші едік. Біздерге бүкіл ғұмырын арнап, жаманымызды жасырып, жақсылығымызды асырып, қай нәрседі де бәрін өздерінің мейірілі жүректеріне сыйғызушы еді... Енді міне, әкеміз бен анамыз өмірден озғанда ғана бір мезетте есейдік. Себебі, анамыз секілді аялап, әкеміздей қамқор болатын адам бұл өмірде енді жоқ. Олардың орнын ешкім де толтыра алмайды екен.

Анамыз Райзада 30 жылдан астам ұстаздық қызмет атқарып, шәкірт тәрбиелеуде тынымсыз еңбек етті. Шәкірттері ол кісіні мақтан тұтып, ізгілікті жолын еш ұмытқан емес. Біз де әулетіміздің ақылшысы, абыройлы ұстаз, аулы жар, ардақты ана болған анамыздың адамгершілік тұлғасын ұмыта алар еміспіз. Саналы ғұмырында әкеміз екеуі елге қамқор, отбасының берекесі мен ұйытқысы, бауырларының жанашыры мен аяулысы, ағайын мен туғанның қадірлісі, замандастарының ардақтысы болды. Олардың өсірген балалары қазірде міне, өмірде өз орын-



дарын тапты. Десек те, ата-анамызға деген сағымның ызы-меті толастар емес... Аман қанша, тумак бар жерде, өлмек те бар. Бұл жалған дүниеде баянды ешнәрсесі жоқ. Ендігі жерде тек оларды еске алып, жақсылықтарын айтып, құран бағыштаудан басқа амалымыз жоқ. Олардың жарқын бейнелері, бекзат болмыстары мәңгі жадымызда қалады. Жатқан жерлері жайлы, топырағы торқа болсын!

Ата-анам, жүрегіміңнің төріндеңің, Үлгі алып шарықтаймын көгінде шың. Биіктерге самғаймын көк аспанда, Шын жүректен батаңыз берілгесін.

Әкем менің, асқар тау тірегім ең, Әрқашан ақыл айтып жүретін ең. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болып, Есіңің жаннат болғай, қабірің кең!

Анажан, шаңыраққа болдың пана. Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға. Аман не, жоқсыз бүгін ортамызда. Сағындық, ана, сізді баршамыз да.

Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы. Сағынышпен туғандары еске алады. Өзіңізбен әрдайым өткен күндер. Жадымызда мәңгіге сақталады.

Анамыз Райзадаға арнап жылдық ас береміз. Қонақасы «Сәулет» мәлтек ауданы 35/1 (облағ-диагностика ауданы), 21 тамыз, сағат 17:00-де берілсе, асы 22 тамыз сағат 12:00-де «Алтын-сарай» мейрамханасында өтеді. Барша ағайын-туысы, құда-жекжат, бауырларды асқа шақырамыз.

Еске алушы: Бодықовтар әулеті.



Қазақтелекомнан «iDTV Online» қызметі келесідей мүмкіндіктер ұсынады:

iDTV қызметі бар абоненттерге дербес компьютер, smart TV немесе компьютерден қосымша теледидарға трансляциялау арқылы Қазақтелекомнан iDTV мүмкіндіктер ұсынады:

«iDTV Online» қызметіне қосылу:

- 1) Қазақтелекомның қызмет көрсету желілеріне өтінім беру арқылы
- 2) өздігінен idport.kz сайты арқылы қосылғанда, жүйе автоматты түрде www.online.id-tv.kz. Сайтына тіркелетін 12-белгілік код беріледі.

«iDTV Online» қызметінің құны айына 600 теңге.

Анықтама телефоны 160.

Қазақтелекомнан «Kaspersky Internet Security» антивирусы

Вирустардан қорғау, сіздің компьютеріңіздің қауіпсіздігін және басқа да мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді.

Қызметтің құны айына –850 теңге

Аталмыш қызмет ақысын Қазақтелеком терминалдарынан ««Кошелёк(Prepaid-счёт)» түймешесін басу және әрі қарай толтыру ... немесе epay.kkb.kz. сайты арқылы төлеуге болады.

Әрі қарай www.idport.kz жеке кабинетіне өтіп, «Программалық қамтамасыз етуді жалға алу» белгісін басу және керек қызмет түрін таңдап ... нақтылау түймешесін басу керек.

Анықтама телефоны 160.

Қазақтелекомнан «ABBYY Lingvo x5 «20 тіл»» сөздігін жалға ала отырып, сіздің қол жеткізетінііз:

-105 жалпы лексикалық ағылшын, неміс, француз, испан, италия, португалдық, қытай, түрік, украин, латын, венгер, грек, дат, қазақ, нидерланды, норвегия, польша, татар, фин сөздіктері

Қызметтің құны айына – 800 теңге

Аталмыш қызмет ақысын Қазақтелеком терминалдарынан ««Кошелёк(Prepaid-счёт)» түймешесін басу және әрі қарай толтыру ... немесе epay.kkb.kz. сайты арқылы төлеуге болады.

Әрі қарай www.idport.kz жеке кабинетіне өтіп, «Программалық қамтамасыз етуді жалға алу» белгісін басу және керек қызмет түрін таңдап ... нақтылау түймешесін басу керек.

Анықтама телефоны 160.

11000766 лицензияны Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрілігінің Байланыс және ақпараттану комитеті 06.05.2011 жылы берген.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Шамсудинов Султанбек Абубакировичтің атына 20.06.1991 жылы Жаңақорған ауданы, Өзгөнт ауылындағы №224 орта мектепті бітіргені жөнінде берілген №296882 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Оспанова Манат Карісбекқызының атына 21.06.1996 жылы Қармақшы ауданындағы №29 Т.Ізтілеуов атындағы қазақ орта мектебін бітіргені жөнінде берілген ОА-II №0279613 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Саржанова Жанат Парахатовнаның атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кентіндегі №170 орта мектепті 4.07.1997 жылы бітіргені жөнінде берілген МОБ №0034496 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Сағындық Айтолқын Оразбекқызының атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы №5 кәсіптік-техникалық лицейді темір жол құрылысы және жол шаруашылығы мамандығы бойынша 2012 жылы бітіргені жөнінде берілген ТКБ №0309567 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Асқаров Самат Асқарұлының атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі н/з берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10:156:003:906, №0179514 25.01.2011ж.), са-тып алу-сату келісім-шарты (№9039 30.12.2009ж.), Қызылорда қаласы әкімінің қаулысы (№440 06.12.2010ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілікті шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханат және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73 экономика - 70-00-41, 70-00-68 өлеумет және саясат - 70-00-41 жарнама - 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38 әнгер - 70-00-42 компьютер орталығы - 70-00-34 корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07 Шиеп, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрілігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламыз тапсырыс бойынша төленеді, қосымша өкілеттік және қатынастарды. Жариялаулар газеттің түпнұсқа нұсқасы бойынша беріледі. "АҚ" қысқартылған.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатылып, "Сыр медиа" ЖШС-е баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Султан Бейбарыс көшесі, н/ж. Газеттің таралуына: "Қызылорда" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекенжайы: Қызылорда қаласы, Султан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы: 24317

Тапсырыс №749

Электронды оқылым 21000.